ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 30 желтоқсан №1513-25-00-2/3204 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Темірбай Арманұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 222, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Темірбай Арманұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Темірбай Арманұлынан мемлекет пайдасына 636 (алты жүз отыз алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Темірбай Арманұлынан жергілікті бюджетке 1 985 (мың тоғыз жүз сексен бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Темірбай Арманұлы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 30.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2026, судья Мұқашева С. Е., 24.02.2026
1513-25-3-1/4286

күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2026, судья Мукашева С. Е., 24.02.2026

1513-25-3-1/4286